

# SHAKARIM SHANYRAGY



Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл №9 (133) қазан

30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА

30 МЕРОПРИЯТИЙ  
В ЧЕСТЬ 30-ЛЕТИЯ

◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

**Мемлекет басшысы 2020 жылғы Жолдауында мектептердің білім беру сапасын арттыруды тапсырған болатын. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов: «Бұл мақсатқа біліктілігі жоғары мұғалімдерді даярлау жүйесін енгізу арқылы ғана қол жеткізуге болады», - деген еді.**



БЕРЕКЕЛІ ІС  
МЕРЕКЕЛІ КЕЛЕДІ

2 бет



SHAKARIM  
UNIVERSITY ROAD  
SHOW ENACTUS  
KAZAKHSTAN

4 бет



ШЫН ТАЛАНТ –  
ҰЛТ МЕРЕЙІ

9 бет

## «QALAM МҰҒАЛІМ - 2021» ГРАНТТЫҚ БАЙҚАУЫ

Бүгінде педагогтердің мәртебесін көтеру арнайы заңмен қолдау тауып, осы мамандықты таңдаған студенттердің оқуына да игі басымдылықтар жасалуда.

Өйткені педагог тек ұстаз, оқытушы немесе белгілі пән мұғалімі ғана емес, ол оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы, басшы, білім беру саласындағы мемлекеттік тұлға.

Елімізде мемлекетіміздің осы саясатына үн қосып, білім мен ғылым дамуына қолдау жасап жүрген арнайы жобалар бар. Соның бірі – еліміздің шығыс өңірі бойынша биыл ашылып отырған «QALAM» жобасы. Аталмыш жоба Шәкәрім университетінен қолдау тауып, қыркүйек айынан бері «Шәкәрім жастары орталығында» «QALAM» кеңсесі жұмыс жасап келеді.

Жоба мақсаты – педагогикалық мамандықтардың мәртебесін көтеру, мұғалімнің заманауи жаңа келбетін қалыптастыру, жастардың педагогикалық мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру, сонымен қатар, бәсекеге қабілетті үш тілді жетік меңгерген, сұранысқа ие, болашақ ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беретін мамандарды жетілдіру.

Осы мақсатта қыркүйек айынан бастап қала бойынша жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы педагогикалық мамандықта білім алатын 1-курс студенттері үшін «QALAM мұғалім-2021» гранттық байқауы ұйымдастырылды. Байқау мақсаты – 1 курс студенттері ішінен «өз мамандығына сай алғыр шәкірттерді» анықтау және оған қолдау көрсету. Бүгінде екі турдан тұратын байқау мәресіне жетіп, жеңімпаздарды марапаттау салтанатты шарасы «Шәкәрім жастары орталығы» ғимаратында өтті.

Игі шараның ашылуында университет ректоры Бауыржан Аманкелдіұлы барлық жеңімпаздарды құттықтай келе: «Жоба жұмысы алғыр студенттерді анықтап, грант беру ғана емес, оларды кәсіби жетілдіру, ағылшын тілі деңгейін көтеруге көмектесу, кітап оқыту сияқты қаражаттан да биік бағыттардан тұрады. «Балаңа балық берме, қармақ бер» деген нақыл бар, жобаның құндылығы сонда. Бүгінгі жеңімпаздар ел ертеңіне жарайтын мықты мамандар қатарын толықтыратынына сенімдімін», - деді.

Одан кейін Басқарма төрағасы – Ректор аталмыш жоба жетекшілеріне сәттілік



тілеп, жоба координаторы Ермұхан Ербол Сәкенұлы мен Семей қаласы бойынша менеджері Қадыр Әліби Әбдіқанатбекұлын университет Алғыс хатымен марапаттады.

Байқауға жалпы қала бойынша 477 студент қызығушылық танытып, тіркелген болатын. Оның 40%-ы 1- турдан өтіп, 2-турда 27 студент үздік деп танылып, грант иегері атанды.

Шәкәрім университеті бойынша 286 студент тіркеуден өтіп, іріктеуге қатысты. Конкурс нәтижесі бойынша олардың ішінен 17 үздік студент анықталды. Жаратылыстану-математика 14 студент, Филология 2 студент, Гуманитарлық-экономика факультеттерінен 1 студент.

Студенттерге берілетін грант мөлшері айлық есеппен 30 000 (отыз мың) теңгені құрайды. Студент жоба талабына сай болған жағдайда, грант қаражаты ай сайын жоғары оқу орнын аяқтағанша жалғасатын болады. Қаржы мемлекет тарапынан емес, жеке кәсіпорындар мен мекеме басшыларының тікелей қаржыландыруымен жүзеге асады. Биыл Семей қаласы бойынша грант ұтып алған студенттерді «Семей цемент зауыты» Өндірістік Компаниясы ЖШС қаржыландырды.

Ел болашағы мен әлеуеті үшін қолдау көрсетіп отырған «Семей цемент зауытына» алғысымызды білдіреміз!

Шәкәрім университетінің  
Media орталығы  
Shakarim University Media centre

## ◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

**БЕРЕКЕЛІ ІС МЕРЕКЕЛІ КЕЛЕДІ**

**Шәкәрім университетінде қазыналы қазан айының күнін берекелі қылған үлкен шара болды. Ол – Семей қаласының әкімдігінің қолдауымен, Шәкәрім шаңырағының ұйымдастыруымен, университеттің «Агротехнопарк» ғылыми орталығында өткен «2021-Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңке-көрмесі».**

Игі шараға Семей қаласының әкімі Б.К.Байахметов, әкім орынбасары Д.Ш.Жөргекбаев, Семей қалалық мәслихат хатшысы Б.Т.Ақжалов, Семей қаласының ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Н.Шақабаев, Ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Т.Самат қатысып, қала әкімі осындай іскерлік байланыстарды кеңейтуге сеп болатын игі істерді толықтай қолдайтынын айтты. Университет ректоры Б.А.Ердембеков келген қонақтарды жәрмеңке-көрменің бөлімдерімен таныстырды.

Көрме «Ара шаруашылығы әлемі», «Бөдене жұмыртқасы - диеталық өнім», «Ауыл шаруашылық өнімдері», «Алтын күз сыйлықтары» ынталандыру байқауы, ұсақ үй жануарын тегін беру – «Өмір сыйла» қайырымдылық акциясы сияқты т.б. бөлімдер мен шаралардан тұрды.



Университет ректоры Бауыржан Аманкелдіұлы жәрмеңке-көрмеге жиылған көпшілікке игі шараның мақсаты мен маңызын төмендегідей тарқатып берді:

«Университет тарихында мұндай дәстүрлі көрме бұдан да ауқымды көлемде өткен кездері болды. Кейінгі екі жылда тоқтап қалған шараның бүгінгі пандемия салдарынан сондай ауқымды болмаса да қайта қолға алынуы оқу орны үшін де халық үшін де маңызды.

Шәкәрім университеті – ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын бірден-бір қара шаңырақ. Бұл оқу орны тек қана Семей қаласы емес, Өскемен, Павлодар, яғни Шығыс өңірінің барлығының ішінде ауыл шаруашылығы саласы бойынша білім



беру бағдарламасымен жұмыс істейтін бірегей білім ордасы. Сол себепті бүгінгі жәрмеңке-көрме мақсаты – жергілікті кәсіпорындар мен шаруашылықтардың өнімімен танысу ғана емес, аталмыш өндірістермен байланысты күшейту, оларды әлеуметтік серіктестікке тартып, академиялық дербестікті тиімді пайдалану.

Сондай-ақ аталмыш шараға біздің студенттер ғана емес, оқушылар да өз еңбектерімен көрмеге қатысуда. Сол арқылы «Мектеп – колледж- ЖОО» байланысын нығайтып отырмыз. Осы жастарды ынталандыру мақсатында «Алтын күз сыйлықтары» конкурсы шара жоспарына енгізілді.

софия ғылымдарының докторы Альбина Ержановалар да оқу орнымыздың форумнан өзге тынысымен де танысуды жөн көріп, аталмыш шарамызға келді. Қонақтарды Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор Индира Оралканова алып жүріп, көрме өнімдерімен таныстырды. Мұндай шараларды әлемдік деңгейде бағамдай алатын кәсіпкер Балтабек Құмарұлының ойын білу біз үшін қызық та маңызды болды. Кәсіпкерге көрмеге қатысып жатқан университетіміздің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» кафедрасының студенттерімен сұхбаттасу ұнаған екен. Жергілікті орманда өсетін шипалы шөптерді зерттеп жүрген студенттер барша қонаққа пайдалы шөптерден қайнатқан шайларын ұсынып, әр шөптің қасиеті мен пайдасын және оларды тану жолдарын болашақ маман ретінде тарқатып айтып берді.

«2021-Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңке-көрмесі» шарасына орай кетемдік сенбілікте басталған «Шәкәрім шаңырағының тал егу акциясы» жалғасын тапты. Акцияның бұл жолғы реті бұрынғыдан өзгеше болды. Оқу орнының басшысы бастап, құрылым басшылары мен профессор ғалымдар өз есімдері жазылған шағын қатырма тақталар ілінген шыршаларды боқу гимараты алдындағы көгалды алаңқайға отырғызды. Акцияның өзгешелігі – әркім өзі отырғызған шыршаның күтіміне қарайлауды өз міндетіне алды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, агроөнеркәсіптік кешен саласында ауыл шаруашылығы өнімдерін ілгерілету, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жаңа технологияларды енгізу, іскерлік байланыстарды кеңейту: яғни өңірлік, өңіраралық экономикалық байланыстар сияқты міндеттері мен мақсаты бар жәрмеңке-көрме шарасының болашақтағы тың жоспары келер жылға қайта ұсынылатын болып келісілді.

Берекелі көрме концерттік бағдарламамен мерекелі өткен «Агротехнопарк» ғылыми орталығы мен оның жетекшісі профессор Сауле Мұқанқызына еңбекте сәттілік пен табыс тілейміз!

**Еркебұлан МҰҚАШЕВ**  
Media орталығының басшысы

Қазақстанның болашағы мұнайда ғана емес, ел әлеуетін көтере алатын басқа да материалдық өндірістер бар. Соның бірегейі – ауыл шаруашылығы. Осы мамандықтағы профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларға сәттілік тілеймін!

Жәрмеңкеде қойылып жатқан барлық тауар бағасы базар мен дүкендерден төмен. Тиімді сауда, пайдалы өнім болсын».

Университетімізде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Road show Enactus Kazakhstan жастар кәсіпкерлігі форумы өткен болатын. Форум қонақтары Enactus Kazakhstan Директорлар кеңесінің мүшесі, кәсіпкер, «Eurasia Gold» ЖШС құрылтайшысы Балтабек Мұқашев, Enactus Kazakhstan Президенті, фило-

*В 2020 году в ходе заседания Национального совета общественного доверия Глава государства Касым-Жомарт Токаев дал поручение сделать ряд вузов точками роста в регионах, развить программы академической мобильности студентов и профессорско-преподавательского состава.*

## НОВЫЕ ВЫЗОВЫ – НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ



И в связи с этим поручением Главы государства 13 октября 2021 года в Университете Шакарима прошла встреча в онлайн формате со стратегическими партнерами региона в целях реализации вузом академического превосходства, чтобы осуществлять идею интеграции науки и производства.

Департаментом науки был презентован Центр академического превосходства, где были рассмотрены концепция проекта, структура и основные направления деятельности.

Университет Шакарима в восточном регионе инициативу Президента по созданию сильных региональных университетов рассматривает как шанс эффективно решать задачи в сфере экономики, науки и образования.

На базе университета имени Шакарима планируется создание центра академического превосходства (ЦАП).

ЦАП создаётся непосредственно по поручению Президента К. Токаева в 15 региональных вузах страны. Важно отметить, что заинтересованные стороны создания ЦАП не только МОН РК и вуз, но и региональная власть, работодатели и товаропроизводители региона.

Конечная цель проекта - повышение привлекательности региона для населения, инвесторов (создание инновационных производств), промышленных предприятий через внедрение научно-исследовательских работ.

Хотелось бы отметить наших участников, которые были приглашены на встречу в качестве стратегических партнеров, таких как:

- Qazaq Aqbas ,
- Qazaq Astyk Group,
- Молочный цех «Айша»,
- ТОО «Kondiz»,
- Агрофирма «Приречное»,
- АО «МАЙ»,
- Завод «Эйкос»,
- АО «Семей инжиниринг», проявивших особый интерес к данной проблеме.

Выражая особую благодарность стратегическим партнерам, Университет Шакарима приглашает сферу бизнеса и производства всех приоритетных направлений ВКО к социальному партнерству, чтобы вместе рассматривать вопросы академического превосходства и реализовывать политику Президента.

**Жанар МОЛДАБАЕВА**  
Директор департамента Науки

## 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА



## SHAKARIM UNIVERSITY ROAD SHOW ENACTUS KAZAKHSTAN

**Қазан айының 12-13 күндері Шәкәрім университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Road show Enactus Kazakhstan жастар кәсіпкерлігі форумы өтті.**

Форумға Шәкәрім университетінің басшысы, профессор Б.Ердембеков, Enactus Kazakhstan Директорлар кеңесінің мүшесі, кәсіпкер, «Eurasia Gold» ЖШС құрылтайшысы Б.Мукашев, Enactus Kazakhstan Президенті, философия ғылымдарының докторы А.Ержанова, сондай-ақ Алматы, Павлодар, Өскемен, Семей және еліміздің басқа да қалаларынан келген жастар мен мектеп оқушылары қатысты.

Форум аясында Шәкәрім шаңырағында кәсіпкерлік арқылы үздік әлем құру үшін студенттерді, академиялық және бизнес-көшбасшыларды біріктіретін халықаралық Enactus бағдарламасының өңірлік кеңесінің тұсауы кесілді. Алғы сөз Басқарма төрағасы Б.Ердембековке берілді. «Бүгін киелі Абай, Шәкәрім, Мұхтар жерінде Шәкәрім университетінде Enactus Kazakhstan ұйымының аймақтық кабинеті ашылды. Бұл жерде Семейдің ғана емес, шығыс өңірі жастарының барлығы да осы жерде жиналып, үлкен идеяларды дүниеге алып келіп, әлеуметтік жобаларға үлес қосады деген ойдымын», - деді университет басшысы.

ENACTUS KAZAKHSTAN штаб-пәтері жыл сайын еліміздің жастар кәсіпкерлігін дамыту мақсатында мектеп оқушылары, студенттер, ЖЕТЕКШІ БИЗНЕСМЕНДЕР, академиялық көшбасшылар және ENACTUS бағдарламасының қонақтары жиналатын өңірлер бойынша ROAD SHOW өткізеді.

Жиында қаржылық алаяқтық және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға байланысты пайдалы ақпараттар айтылып, БҰҰ-ның тұрақты дамуының он жеті мақсаты таныстырылды. Шараның екінші

күнінде университет түлектері, кәсіпкерлер Е.Турсын, А.Толеновтар «Кәсіпкерліктегі менің жолым», «Қаржылық сауаттылық. Акциялар /Криптовалюта» тақырыптарында қатысушылармен тренингтер өткізді.

Enactus Kazakhstan Директорлар кеңесінің мүшесі, кәсіпкер, «Eurasia Gold» ЖШС құрылтайшысы, университет түлегі Б.Мукашев әлемдік деңгейдегі кәсіпкер болғандықтан жастардың ұсынған жобалар ішінен жаһандық мүддеге жететін жобаларды іздегендігін айтты. Аталған мүддеден шығатын жобалардың жоқтығын айта отырып, бірақ сол мүддеге жақын жобаларды ақшалай қолдайтындығын жеткізді. Бұл жастарға үлкен мотивация мен жауапкершілік берді. Жасаңдылықтан алыс пікірге жастар толықтай келісті. Бизнес саласындағы бәсекелестіктің жеңіл жолмен келмейтіндігін ұғынды. Өтіп жатқан шара жобалардың үлкен мүдде алдындағы жауапкершілігін танытты. Барлық студенттер, жастар осы сынға түсіністікпен қарап, риза болды.

Сонымен қатар аталмыш шараның салтанатты жабылу және қатысушыларды марапаттау рәсімдері өтті. Форумға қатысушылар арасында медиа конкурс жарияланған болатын, нәтижесінде Павлодар қаласының Торайғыров атындағы университеті жеңіске жетті. Аталған медиа конкурста Павлодар педагогикалық университетінің студенті Дариға Жумантай жоғары нәтиже көрсетіп, «Самый креативный стол» номинациясын Павлодар педагогикалық университеті иеленді.

Форум барысында Альбина Меирбековна Enactus Kazakhstan Директорлар кеңесінің атынан Enactus дамуына қосқан үлесі үшін Шәкәрім университетінің ректоры Б.Аманкелдіұлына алғысын білдірді.

**Шәкәрім университетінің  
Media орталығы  
Shakarim University  
Media centre**

# ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



**19 қазан – Құтқарушылар күні. Қазақстан егемендік алғанға дейін елде кәсіби апаттық-құтқару қызметі болмаған. Мемлекеттік маңызы бар қызмет жүйесін жасау үшін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылды. Биыл Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің халыққа қалтқысыз еңбек етіп келе жатқанына 26 жыл толып отыр.**

Атаулы күнге орай Шәкәрім университетінде Семей қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы басшылығымен кездесу өтті.

Екі жақты кездесу барысында Инженерлік-технологиялық факультетінің «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» білім беру бағдарламасының студенттері алғашқы медициналық және дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәсілдері бойынша шеберлік сыныбын ұйымдастырды.

Басқарма төрағасы, профессор Б.Ердембеков пен Семей қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Т.Дюсебаев өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Меморандумның негізгі мақсаты кәсіпорынның өндірістік жағдайларының талаптары мен ерекшелігіне жауап беретін «Өндірістегі гигиена және табиғатты қорғау», «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» білім беру бағдарламалары кадрларын даярлау бойынша ұзақ мерзімді байланыс орнатып, дуалды білім беру жүйесін бірлесе жетілдіру.

Университет басшысы Бауыржан Аманкелдіұлы, бүгінгі құтқарушылардың түрлі апат салдарын жойып, халық үшін ерен ерліктің үлгісін көрсетіп жатқандарын ерекше атап, Басқарма басшыларын кәсіби мерекелерімен құттықтап, бірлесе атқаратын ортақ жұмыстарға сәттілік тіледі.

**«Ақ – иіліп, бүгілмейді». Халық даналығындағы осы қанатты сөз «ақ» болу – «таза», «әділ» болудың мағыналық баламасы екенін білдіреді. Ісі тазаның жаны таза. Сондай жаннан ғана парасатылық туады. Бүгінгі күнгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі міндеті де сол парасаттылық идеологиясын ілгерілету болып отыр. Ондағы мақсат – жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру.**

Осы орайда Шәкәрім университетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында «Shakarim Parasattylyq ordasy» кабинетінің ашылу салтанаты өтті. Шараға университет басшылығы мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ШҚО бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Ж.Е.Байділдин, «Шығыс адалдық алаңы» жобасының жетекшісі, ШҚО мәслихат депутаты, ШҚО әкімінің сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша штаттан тыс кеңесшісі Маржан Бақытқызы, Әлихан Бөкейханов атындағы университеттің әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі профессор М.Х.Матаева және Шәкәрім университеті студенттерінің «Саналы ұрпақ» клубының мүшелері қатысты.

Бұдан кейін студенттер сөз алып, Жігер Еркінбекұлына өз сұрақтарын қойып, шара ашық сұхбатпен өрбіді.

Шараның қорытынды бөлімінде Басқарма төрағасы, профессор Бауыржан Аманкелдіұлы мен ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің» ШҚО бойынша Департамент басшысының бірінші орынбасары Жігер Еркінбекұлы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды барынша азайту және алдын алу мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы екі жақты ортақ меморандумға қол қойды.

Екі жақты кездесу барысында Шәкәрім университетінде «Shakarim Parasattylyq Ordasy»-ның салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Бұл шара барысында «SANALY URPAQ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл клубының қатары толықтырылып, олар Жігер Еркінбекұлының қолынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі арнайы жасаған төсбелгілерін алды. Сондай-ақ, Шәкәрім университетінің студенттері мен оқытушылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте, шараларда белсенділік көрсеткендері үшін алғыс хаттар мен грамоталармен марапатталды. Марапат алғандар қатарында:



Басқарма төрағасы Б.Аманкелдіұлы Шәкәрім университетінде ұйымдастырылған академиялық адалдық жайлы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру туралы айтты. Университет басшысы: «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Шәкәрім университеті 4 бағыт ұстанады. Олар:

1. Алқалық органдардың болуы және шешімді алқалы түрде қабылдау;
2. Академиялық қызметтерді цифрландыру;
3. Адалдық принциптерін сақтау; Студенттер мен қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»,- дей келе, аталған әр бағытқа тоқталып өтті.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ШҚО бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Жігер Еркінбекұлы өз сөзінде аталмыш Агенттіктің негізгі қызметін айта келе, студенттерді адалдық жолында мақсат қоя білуге, сол арқылы қоғам тазалығына атсалысуға шақырды.

•Ахметжанов Оралгазы  
•Нуранбасович – Шәкәрім университетінің «Ветеринария» кафедрасы, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент м.а;

• Абдикакимов Мухтар Тыныштыкбекулы - PhD, Шәкәрім университетінің «Әлеуметтік мониторинг және болжау орталығының» басшысы, Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі.

• Бауыржанова Айгүль Заманбековна - Шәкәрім университетінің инженерлік-технологиялық факультеттің тәрбие жұмысы бойынша декан орынбасары;

• Сүлейменов Нұрбол - «Инженер-технолог» мамандығының - 3 курс студенті;

• Болабаева Асемгүль - «Құқықтану» мамандығының - 3 курс студенті, Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі;

Шара соңында Университет басшысы Бауыржан Аманкелдіұлы бірлесе атқаратын ортақ жұмыстарға сәттілік тіледі.

**Шәкәрім университетінің  
Media орталығы  
Shakarim University Media centre**

## ШАҚАРИМ УНИВЕРСИТЕТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ #ERASMUSDAYS 2021 КҮНДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ

**Бүкіл әлем бойынша 14-16 қазан аралығында #ErasmusDays 2021 халықаралық күнінің бесінші шығарылымына арналған іс-шаралар өтуде. ERASMUS+ жобалары әлемнің көптеген елдерінде білім беру әлеуетін арттыруға бағытталған. Өткен 2020 жылы Қазақстанның 29 жоғары оқу орны ERASMUS күндерін мерекелеуге қатысып, осы іс-шараларды бүкіл әлемге таратты.**

Шәкәрім университеті де «Семей машина жасау зауыты» АҚ өндірістік алаңында ErasmusDays 2021 аясында «Машина жасаудағы дуалды оқыту» Шоу-туры өткізілді. Іс-шараның мақсаты: университеттер мен индустрияның серіктестігі негізінде кадрлар даярлаудың үздік тәжірибелерін тарату.

ЖОО оқытушылары мен кәсіпорын тәлімгерлері студенттерге зауыт жабдықтарында тәжірибелік дағдыларды көрсете отырып оқыту ұйымдастырды. Біздің қара шаңырағымызда TEMPUS, ERASMUS+ түрлі жобаларын жүзеге асыруда айтарлықтай тәжірибе бар. Қазірдің өзінде DOCMAN (2015-2018 жж.) және COMPLETE (2015-2018 жж.) ЖБӨА 2 жобасы сәтті іске асырылды.

Бүгін Қазақстанда дуалды оқытуды енгізу жобасының негізінде іс – шара өткізілді - KAZDUAL (2021-2024) - <http://kazdual.kz/> . @kazdual . Жобаға әлемнің 4 елінен (Германия, Австрия, Эстония, Қазақстан) 13 әріптес қатысады.



## УНИВЕРСИТЕТ ШАКАРИМА ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В МЕЖДУНАРОДНЫХ ДНЯХ #ERASMUSDAYS 2021

**В эти дни по всему миру с 14 по 16 октября проходят мероприятия посвященные Пятому выпуску Международного Дня #ErasmusDays 2021. Проекты ERASMUS+ направлены на повышение потенциала образования во многих странах мира. В прошлом 2020 году 29 вузов Казахстана приняли участие в праздновании Дней ERASMUS и транслировали эти мероприятия по всему миру.**

Сегодня на производственной площадке АО «Семипалатинский машиностроительный завод» в рамках ErasmusDays 2021 проведен Шоу-тур «Дуальное обучение в машиностроении». Цель мероприятия: Культивация лучших практик подготовки кадров на основе партнёрства университетов и ин-

дустрии.

Преподавателями вуза и наставниками предприятия организовано обучение с демонстрацией практических навыков студентам на оборудовании завода. В нашем университете имеется солидный опыт в реализации различных проектов TEMPUS, ERASMUS+, это и мобильность обучающихся и профессором в страны Европейского Союза и повышение потенциала высшего образования (ППВО). Уже успешно реализованы 2 проекта ППВО DOCMEN (2015-2018 гг.) и COMPLETE (2015-2018 гг.).

Сегодня проведено мероприятие на основе действующего проекта Внедрение дуального обучения в Казахстане – KAZDUAL (2021-2024) - <http://kazdual.kz/> . @kazdual . В проекте участвуют 13 партнеров из 4 стран мира (Германия, Австрия, Эстония, Казахстан).



## SHAKARIM UNIVERSITY TOOK PART ON INTERNATIONAL DAYS OF #ERASMUSDAYS 2021

**The events, dedicated to the Fifth edition of International Days of #ErasmusDays 2021, are held these days from 14 to 16 October. ERASMUS+ projects are aimed to enhance the capacity of education worldwide. 29 universities of Kazakhstan participated in the celebration of ERASMUS Days and broadcasted these events in many countries of the world.**

“Dual Education System in Mechanical Engineering” was conducted at the manufacturing area of “Semey Machine Engineering Factory” within the Erasmus Days 2021.

The aim of the event: Cultivation of the best practices, training staff based on cooperation of universities and industries

Training with demonstration of practical skills to students was organized by teachers of the university and mentors of the enterprise

Our university has considerable experience in realization different projects like TEMPUS, ERASMUS+, this is the mobility of students and professors of EU countries and Capacity Building In Higher Education (CBHE). Two projects of CBHE DOCMEN (2015-2018 y.) and COMPLETE (2015-2018 y.) were successfully implemented.

The event was held on the basis of ongoing project “Implementation of dual education system” – KAZDUAL (2021-2024) - <http://kazdual.kz/>.

13 partners from 4 countries of the world are participating in the project. (Germany, Austria, Estonia, Kazakhstan).

**Халықаралық ынтымақтастық орталығы  
Центр международного сотрудничества**

## ПРАЗДНИЧНЫЙ ВЕЧЕР В УНИВЕРСИТЕТЕ ИМЕНИ ШАКАРИМА

*Посвящение в студенты – это важное и интересное событие в жизни каждого студента. Именно с посвящения у вчерашнего школьника начинается новая взрослая студенческая жизнь, которая предвещает большую свободу и, вместе с тем, большую ответственность.*

14 октября 2021 года в актовом зале учебного корпуса 3 состоялся настоящий праздник, после которого, каждый первокурсник Университета Шакарим может с полной уверенностью считать себя настоящим студентом. Для поздравления с таким ярким событием с приветственным словом выступил Ректор Университета Б.А.Ердембеков.

Церемонию посвящения в студенты, поставили сделать как можно более запоминающейся. Праздничная программа собрала молодых ребят, для которых проводились зажигательные конкурсы, активные игры и флеш-мобы. Все участники конкурсов получили призы и подарки.

Свой новый статус студента закрепили торжественной клятвой, в которой каждый первокурсник смог показать готовность к новым открытиям, большим свершениям и упорной работе.

Главным гостем вечера стал юный исполнитель Қаршыға Ильтан.

Этот день надолго запомнится в памяти ребят, потому что они официально вступили в большую студенческий community под названием Shakarim University!

Добро пожаловать! Мы признательны, что вы выбрали SHAKARIM UNIVERSITY!

**Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ**  
Журналист



## УСТАНОВЛЕНЫ НОВЫЕ ПАРТНЕРСКИЕ СВЯЗИ

**Ученый-историк Университета Шакарима, археолог Исин Амантай Исаевич встретился с руководителем Харьковского национального университета имени В.Н. Каразина (Украина).**

В ходе встречи Университет имени Шакарима и Харьковский национальный университет им.В.Н.Каразина подписали Меморандум о взаимопонимании.

Цель Меморандума – установление сотрудничества для развития академического и культурного участия в учебной, преподавательской и научно-исследовательской деятельности.

Стороны обсудили вопросы активизации двустороннего сотруд-

ничества в рамках подписанного Меморандума. Ректор Харьковского университета Татьяна Кагановская отметила, что Университет Шакарима первый вуз Казахстана, с которым подписано соглашение и запланирована реализация исследовательского проекта.

Напомним, профессор Университета Амантай Исин по специальному приглашению Посольства Республики Казахстан в Украине отправился в недельную командировку для участия в системном историко-архивном проекте.

**Елена ЕВЛАМПИЕВА**  
Руководитель отдела  
по управлению  
научной деятельностью

# «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ - 2021»

## АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

**Шәкәрім шаңырағында «Шәкәрім-оқулары 2021» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.**

Аталмыш шара ұлы гуманист, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниеден өткеніне 90 жыл, «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық кітабы» еңбектерінің жарық көргеніне 110 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Конференцияның ашылуы Шәкәрім Құдайбердіұлының ескерткішіне гүл шоқтары қоюмен басталды. Тағылымды шараның алғы сөзі Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Аманкелдіұлына берілді.

«Шәкәрім әлемі – әлі толыққанды зерттеліп, қалың оқырман жаппай түсініп болмаған еркеше бір әлем. Өйткені Шәкәрім – бір әдебиеттің төңірегіне бірнеше ғылымның басын тоғыстырған күрделі



тұлға. Ақынның «Үш анығы» әдебиет пен философияның тоғысқан жері болса, шежіре еңбегі әдебиет пен тарихтың, ал «Мұсылмандық кітабы» әдебиет пен теологияның түйіскен жері», - деді университет басшысы Б.Ердембеков.

Конференция қонақтары мен қатысушылары арасында бауырлас түрік елінің ғалымдары, қаламыздың зиялы қауымы, университеттің құрылымдық бөлім басшылары мен студенттері, сондай-ақ Шәкәрімнің шөбересі Нұрлан Мерекеұлы және Шәкәрім бабамыздың өзге де ұрпақтары қатысты.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Еспенбетов «Шәкәрімнің шежіре еңбегі және қаламгер кітапханасы»; тарих ғылымдарының докторы, Мимар Синан Өнер университетінің профессоры, Қ.Абдуқап, «Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресін» жазған кезде Ыстамбұлдағы түркі тарихы туралы зерттеулер»; Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры Т.Шаңбай, «Шәкәрім және қазақ фәлсапасы мәселелері»; Екрем Айан Мугла Сытқы Кочман университетінің қауымдастырылған профессоры «Абай және Шәкәрім: дінтану мәселесі»; филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Момынова «Шәкәрім өлеңдерінің лингвопоэтикалық ерекшеліктері»; педагогика

ғылымдарының докторы, профессор С. Маусымбаев «Шәкәрімнің атомистикалық көзқарастары»; филология ғылымдарының докторы, профессор А.Үсен «Шәкәрім поэзиясындағы мазмұн мен түр үйлесімі»; Н.Ахметжанова Павлодар қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі «Жаңартылған білім беру бағдарламасында Шәкәрім шығармаларын оқыту» сынды шәкәрімтану ғылымының дамуына үлкен қозғау салатын ғылыми-танымдық баяндамалары оқылды.

Халықаралық конференция барысында Шәкәрім сайтының таныстырылымы өткізілді.

Шара соңында конференция барысы қорытындыланып, қарар қабылданды.

**Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ**  
журналист



# ТАРИХИЛЫҚ ЖӘНЕ СУРЕТКЕР БОЛМЫСЫ



Абайға барып білім үйретуді сұрайық деп жанындағы жастарға үндеу тастайды. Абай ұстанған таза, адал еңбек жолын дұрыс түсінген лирикалық бейне өзінің білім қуу жолында адасып та көргенін байқатады:

*«Көп қуға көзіңізді сүзбе» делік!  
«Ұқпас деп бізден үміт үзбе» делік!  
«Залымдар заң үйретіп*

*адастырды,*

*Бізді сал жөнделерлік ізге» делік!*

Тарихилық әдебиет категориясы ретінде суреткер болмысымен байланысты. Шығармашылық тұлғаның қандайда бір тарихи оқиғаға деген өзіндік көзқарасы, қоғамдық-әлеуметтік ортасы мен білім-білік дәрежесі өзі тудырған шығармада қолтаңбасын қалдыратыны белгілі. Әдебиеттің тарихилық категориясы тарихта болған дүниені дәлме-дәл қайталау емес. Осы орайда кез келген суреткер санасында өз тарихы, өзінің ұлттық болмыс-бітімі тұрғысынан қалыптасықан тарихи санасы мен тарихи жады туралы да айта кеткен орынды деп санаймыз.

Шәкәрімнің ақындық болмысын танытатын лирикалық тұлғасы қаншама асқақ, биік болғанымен оның өз жеке басының мұңы мен трагедиясы шығармаларынан байқалады. Жалпы ақынның барлық өмірін халық тағдырымен сабақтастырып, халық мұңы, қуанышымен байланыстырамыз. Шәкәрім өмірбаянын зерделей отырып, оның тұлғалық болмысының қалыптасуы туралы да пайымдауға болады. Ақынның «Жастарға» деген өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің өмірден іздеген адамдық жолын Абаймен байланыстыруы Шәкәрімнің өзінің нақтылы өмірден алған шындығы. Себебі ақын өзі де, кейінгі зерттеушілер де ақынның тұлғалық болмысы мен адамдық жан дүниесінің рухы биік болуын Абай есімімен байланысты айтады. Енді өлеңдегі кейіпкер мен ақын бейнесіне келетін болсақ, біртұтас тұлғаға айналғанын көреміз. Міне бұл суреткердің өз болмысы мен нақтылы тарихи фактының өріле келіп әдеби тарихилыққа айналғандығы.

Өлеңнің композициялық жүйесін талдай отырып, лирикалық кейіпкердің өзіндік өсу жолын көреміз. Алғашында адал жолмен мал табу үшін жол көрсетер данышпан іздеген лирикалық кейіпкер

Өлең сюжетінің байланысу тұсы Абай бейнесіне арналған шумақтардан көрінеді. Мұнда Шәкәрімнің Абайға деген зор құрметі мен Абай жолының дұрыстығына көз жеткізгенін байқауға болады. Әсіресе ақынның адамгершілік, арлылық, таза адам идеяларында Абай дәстүрінің ерекше қолтаңбасын көреміз.

Абайдың «сөзіне қарап кісі ал» деген даналық пікірін саралай келе Шәкәрім «Міндеу мен күндеу» деген өлеңінде:

*Мал іздеп, мансап іздеп,*

*сауық жиын,*

*Дүниенің көрмек үшін әрбір сыйын.*

*Адамзат алаңдықтан босамайды,*

*Сол себепті қатесіз сөйлеу қиын.*

- деп адамзат баласына тән пенделік тойымсыздық туралы айтады. Адамның сондағы алаңдайтыны не дегенге ақын Абайға сүйене отырып жауап іздейді.

Шәкәрім лирик ретінде қазақ өлең сөзіне көптеген жаңалықтар әкелген ақын. Түркі әлемінің асыл жауһарларын бойына еркін сіңіріп өскен, арап-парсы поэзиясының мөлдір бастауларынан нәр алған Шәкәрім үшін жаңа тынысты батыс әдебиеті мен мәдениетінің үздік үлгілерін игеру аса қиын болмаған. Себебі, ақын алдында кең арналы Абай жолы, Абай дәстүрі тұрды. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында зерттеуді өлі де қажет ететін салалардың бірі – шығармадарға кешенді талдаулар арқылы шығармашылық тұлғаның көркемдік әлемін, жеке психологиялық

таным дүниесін ашу болып отыр. Себебі көз келген шығармашылық тұлға ең алдымен адам, ал адам жан дүниесінің сан түрлі зерттелмеген қатпарлары рухани асқақ адам үшін қарапайым пендеден де күрделі болып келеді. Ақын тұлғасы мен шығарма арасындығы нәзік байланыс ақынның идеялық-эстетикалық позициясынан туады. Ақын тұлғасы дегенде сол көркем шығарманың өзегі ретінде басынан аяғына дейін қамтып тұратын көркемдік әлем туралы ой келеді. Көркем шығарманың композициялық желісі, оқиғалардағы драмалық жағдайлар, кейіпкер мінезі, табиғат суреті, монологтар мен диалогтар барлығы да автор дүниетанымынан туып, дамып отырады. Ақын немесе шығармашылық тұлға туралы айтқанда ол тудырған көркемдік әлемде әрқашан оның тынысы сезіліп тұратынын естен шығармау керек. Авторлық ұстанымы – автор болмыс бітімі.

Шәкәрім сомдаған лирикалық бейнелердің тарихилық сипаты заман шындығы мен сол заман тудырған проблемаларды шешуімен ерекшеленеді. Прозалық туындылардың жанрлық мүмкіндігі тарихилық категориясын барлық қырынан ашса, поэзия сезім арқылы берілетіндіктен тарихилықтың көрінуі де ерекше поэзиялық пафоспен келеді.

**А.С. АҚТАНОВА**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, филология ғылымдарының кандидаты

Осы жылы, яғни 2021 жылдың күз мезгілінде нақты айтқанда 15 қазан күні қаламыздағы Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік қорық-музейінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында ҚР Суретшілер одағының және ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, Қазақстан Суретшілер Одағының Семей қаласы бойынша төрағасы, суретші Төлеуғазы Жұбанышевтың «Терме» көрмесі өтіп, көрермен назарына ұсынылды.



## ТӨЛЕУҒАЗЫ ЖУБАНЫШЕВТЫҢ «ТЕРМЕ» КӨРМЕСІ

Мұражай ұйымдастырып отырған аталмыш көрмеге суретшінің кескіндеме және графика туындыларынан құралған отыздан астам картиналары қойылған болатын. Бейнелеу өнерінің әртүрлі жанрына құралған көрме қонақтарды ерекше сөзімдерге жетеледі. Әсіресе, Төлеуғазы Рахымұлының өзі сабақ беретін университетің студент-шәкіртері суретші қыл қаламынан туындаған картинаның әрбір таспа манеріне (мазок) үңіле қарап, орындау техникасына қызығулары өте тамаша болғандығын жеткізді. Жалпы суретші көрмелерінің басты мақсаты да осы! Әркім бейне туындылардан өзінің іздегенін тауып, ерекше әсерге бөленеді. Осы тараптан алғанда суретшінің батылдық жанрдағы қазақ жауынгері, яғни «ҰОС барлаушы портреті» атты туындысы қазақ халқының батырлық эталонын бірегейі іспеті көрінді. Рух толы көңіл-күйдегі қазақтың жас жігітінің портрет кескіні көрерменге қуаныш ұялатып, отансүйіштік пен батырлыққа жетелейтіндей. Нағыз барлаушының қырағы көзі, алысты болжап, ұрыс тактикасын барлап тұр.

Сонымен бірге көрмеде суретшінің өз әріптестерінің этюдтық ілездеме үлгісінде салған жұмыстары да қойылды. Атап айтқанда университетіміздің әріптес оқытушылары «Дегдар» Дегдар Мухамедханов, «Тати» Талғат Әбікенов, «Гумар» Гумар Макаров, «Алибек» Әлібек Тоқтаров және т.б. әріптес-суретшілердің портреттерін ұқсастықтан бөлек, олардың ішкі мазмұны мен мінез-құлықтарын айнытпай ұстап бейнелеген. Графикалық қарандашпен орындалатын этюдтық ілездеме аз ғана уақыт аралығында шапшаң орындалатын техника болып саналады. Ал осы ілездеме техникаға үлкен шеберлік пен жүректілік керек. Осы жағынан алғанда Төлеуғазы Рахымұлы өзінің көп жылдар бойы сурет салудың жинаған тәжірибесін жылдам уақытта портреттік этюдқа айналдыра білген практик суретші екендігін көреміз және ол көрме жұмыстарындағы графикалық «зарисовкаларда» байқалды.

Қыл қаламның сырына үңілген суретші Т.Жұбанышев бүгінгі күні ел арасында кең тараған «Жұбату», «Ақ Бауыр», «Қара. Ақ. Қызыл», «Шабыт» және тағы басқа көрмелердің авторы. Әр жылдары шығармашылық ізденіс үстінде Алматы, Өскемен, Семей қалаларында өткен көрмелерге қатысып, өнерін шыңдап келеді. Суретші Астана суретшілер одағының құрмет белгісімен, «Бейнелеу өнеріне қосқан үлесі үшін» медалімен, «Әбілхан Қастеев» және «Шәкәрім» төс белгісімен марапатталған.

Төлеуғазы Рахымұлы аймағымыздың, еліміздің рухани білім ордасының бірі де бірегейі Шәкәрім университетінде ұзақ жылдар оқытушылық қызмет атқарып келе жатқан оқытушы. Оқытушылықтан бөлек өзінің байыпты мінезімен шәкірттерді баурай білетін бұлақ. Әрқашан студенттерге сурет салу тәсілінің академиялық, канондық үлгісін үйретуден жалықпайтын әдіскер. Талантты шәкірт-студенттің дарынын аша біліп, оған табанды ізденіс пен әдіс-тәсілдерді ұқыпты үйретудің хас шебері деп білеміз. Осы орайда Университет ұжымы Төлеуғазы Рахымұлының болашақта қыл қалам ұшынан ұлттық мінез бен колориті бай, жоғарыда баяндап өткен «Терме» атты көрмесіндегі картиналар тәрізді шығармашылық ізденіске негізделген туындылар дүниеге келе берсе деген зор тілек білдіреміз.

**Еркебұлан ТАТИЕВ**  
Өнер және музыка кафедрасының аға оқытушысы

## АДАЛДЫҚ – АРЫМЫЗДЫҢ АЙНАСЫ

Қазіргі уақытта жоғары білім беру жүйесінде академиялық, басқарушылық, қаржылық тұрғыдан дербестік беруге бағытталған реформалар жүргізілуде. Бұл реформаларды жүзеге асыру барысында жоғары оқу орындарына сапалы білім беру қызметтерін ұсынуда және студент жастардың қазіргі заманғы дүниетанымдық ой-санасын қалыптастыруда, дәлірек айтқанда, академиялық адалдық, әділеттілік, сенімділік пен жауапкершілік тәрізді құндылықтарды бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруда үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Академиялық адалдық – бұл университет ұжымының әрбір мүшесінің және әрбір білім алушының мінез-құлқын анықтайтын, алдау мен плагиаттан аулақ болу, академиялық стандарттарға шынайы болу, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдардағы адалдық, шынайылық принциптерін қамтитын моральдық-адамгершілік нормалардың, қағидалар мен құндылықтардың жиынтығы екенді белгілі.

Осы орайда Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде бірқатар елеулі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу, академиялық адалдық қағидаларын насихаттауға арналған онлайн-порталдарды іске қосу, академиялық адалдық кодекстерін жүзеге асыру, білім алушылардың жазба жұмыстарының түпнұсқалығын тексерудің автоматтандырылған қызметтерін енгізу, студенттермен және олардың ата-аналарымен кері байланыс орнату т.б.

Шәкәрім атындағы университет жастарға білім беруді әлемдік стандарттарға сай жүргізу, бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау, білім сапасын жақсарту және университеттің беделін арттыру жөніндегі миссиясын жүзеге асыру барысында академиялық адалдықты аса маңызды, әрі басты құндылықтардың бірі ретінде таниды.

Осы іргелі мақсатты жүзеге асыру барысында жүргізіліп жатқан іс-шаралармен қатар төмендегідей міндеттерді шешу қажеттілігі туындайды:

1. Студенттерді зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларға тарту және дағдыландыру;
2. Білім алушыларды ғылыми жұмысты жазуда ғылыми этикаға, академиялық адалдыққа тәрбиелеу, плагиатизм ұғымын түсіндіру;
3. Студенттерді плагиатизмге жол бермеуге тәрбиелеу;
4. Білім алушылардың жазбаша емтихан жауаптарын, курстық, және рефераттарын плагиатқа тексеру т.б.

Академиялық адалдық қағидаларын жүзеге асыру үшін студенттер өздерінің тапсырмаларын орындау барысында академиялық адалдықтың бұзылуына әкелетін жағдайлардан аулақ болып, қолданылған материалдарды бұрмаламай түсінікті түрде жеткізу, авторларды міндетті түрде көрсете отырып, мұқият, адал орындауы қажет.

Ұлы ойшыл ақын Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол» дей келе, тек адалдық пен шыншылдықтың ғана адамға абырой мен бедел әкелетініне тоқталған еді.

Студенттердің алған терең білімі олардың болашақ тағдырына әсерін тигізіп, өмір жолында үлкен ізін қалдырады. Адал меңгерілген білім шәкірт таңдаған салада жоғары жетістіктерге, елеулі табысқа бастайтын баспалдақ іспетті. Алайда, білім алушылар арасында кей жағдайларда академиялық нормалардың сақталмайтынын жиі байқауға болады.

Жоғары білім алу мекемелерінде адалдық ережелерінің сақталмауы студенттердің алған білімі мен құзыреттілігінің төмендеуіне әкелетіні белгілі. Мұндай әрекеттер студенттердің сапалы білім алуына кері әсерін тигізіп қана қоймай, оқу орнының беделіне нұқсан келтіріп, қоғамда жалпы жоғары білімге деген сенімділікті төмендетеді.

Жоғары моральдық-этикалық ұстанымдары берік қалыптасқан өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісі - аса қажырлы еңбекті қажет ететін жұмыс. Сондықтан адалдық, шындық, сенімділік, жауапкершілік, әділеттілік тәрізді құндылықтарды бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыру барлық кезеңдерде – отбасы, балабақша, мектеп, жоғарғы оқу орындарында жүйелі сабақтасқан түрде жүзеге асуы керек деп ойлаймыз.

**Жібек КАЛИМОВА**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
шетел тілдері кафедрасының доценті



◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

# ШЫН ТАЛАНТ – ҰЛТ МЕРЕЙІ

Нұрбұлан Өтепбаев – шығармашылығының өзіндік мәнері қалыптасқан шебер суретші. Ол - бүгінгі Қазақстан кескіндемесіндегі жаңа реализмнің белді әрі беделді өкілдерінің бірі, суретші ретінде Қазақстанға белгілі тұлға. 1973 жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының көркем-графика факультетін оқып бітіргеннен қылқаламнан қолын үзбей бүгінгі күнге дейін шығармашылықпен айналысып келеді. Н.Өтепбаев дәстүрлі өнер мұраларын бүгінгі кескіндеменің мүмкіндіктерімен қатар меңгерген шебер.

Нұрбұлан Нұғыманұлы қыл қаламынан шыққан туындылар қазіргі таңда көптеген халықаралық, республикалық, облыстық көрмелерге қойылып келеді. Жеке шығармашылық көрмелері Семей, Өскемен, Павлодар, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында қойылып, жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленуде. Шығармашылық жұмыстары Шығыс Қазақстан облысының Невзоровтар отбасы атындағы, Семейдегі Абай мұражайында, Ө. Қастеев атындағы Мемлекеттік бейнелеу өнері, Өскемен қаласының бейнелеу өнері музейлерінің қорында сақтаулы.

Нұрбұланнның қолынан шыққан туындылары Ресейдің, Австрияның, Германияның, Бельгияның, Италияның, Венгрияның, АҚШ-тың, Жапонияның және Түркияның мұражайлары мен галереяларында және жеке өнер туындылары жинаушылардың қорларында сақтаулы. Аса жоғары маңызға ие болған бірнеше туындысы Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясына қойылған.

Нұрбұлан Нұғыманұлы Абайдың көркем портретін жасаушылардың бірі. Оның шығармалары шынайы. Олар әрбір көрерменге етене жақын әрі түсінікті. Туындыларында түстер ерекше сыр шертеді. «Дүние әсемдікке және мұңға толы екенін білемін. Бірақ мен бояу, түстер үйлесімділігінің әсемдігіне тойған емеспін. Менің шығармашылығым үмітке, құштарлыққа толы», - деген қанатты сөздері суретшінің авторлық қолтаңбасына айналғандай.

Суретші шығармашылығының алғашқы сатысында өзін портрет жанрында сынады. Оның қылқаламынан туындаған алғашқы портреттер галереясы тарихымыздағы танымал тұлғаларды сомдауға бағытталды. Оның Абайдың 175 жылдығына арнап жасалған портреттері Қазақстанға кеңінен таралған. Атап айтсақ: Абайдың графикалық портреттері, Абайдың балалары, Шәкәрім, Мұхтар, Көкбай, Халиолла, Ахат, Шәкерге тағы басқа көптеген дара тұлғалардың портреттік образдарын жасады. Бұл туындылар тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында жасалып, елдің рухы мен жанын көтеруде маңызды роль атқарады. Нұрбұланнның салған ұлы ақын Абай образы философиялық терең мазмұнға бай. Ол суретшінің өзіндік философиясын паш етеді. Суретшінің пікірінше,

Абай тұлғасының қазақ халқының маңдайына сыймайтын, таланты мен дарыны өлшемге келмейтін ұлы даралығын меңзейді. Суретші тарапынан қазақтың зиялы тұлғаларының портреттік образдарын бейнелеуін, тоқыраудан кейін есеңгіреп қалған халықтың еңсесін көтеруге тікелей бағытталуымен түсіндіруге болады. Осындай сипатта қазақ зиялыларының портреттік бейнесін жасау 1990 жылдары көптеген суретшілер мен мүсіншілердің шығармашылығынан белең алды. Нұрбұланнның портреттер қорынан қазақтың керегесін нығайтып, уығын көтерген тұлғалардан басқа әкесінің, досының, өзінің, жан-жарының және қызының портреттерін жиі кезіктіреміз. Әсіресе әкесі мен өзінің портреттері бала мен екені ерекше махаббаты пен нұрына толы.



Н.Өтепбаев туындылары реалисттік бағытта жазылып, суретші сезімімен терең ұштасып жатады. Олар символдық сипаттарға толы, әрі кең мағыналы. Шығармаларының сыртқы көрінісі сюжетінің қарапайымдылығымен, нәзіктігімен ерекшеленсе, ішкі құрылымы терең философиялық мазмұнға, шынайылыққа негізделген. Суретші туындылары бір ғана тақырыпта жазбай өмірдің сан-салалы тіршілігіне бағыттайды.

Суретші шығармашылығындағы адамның жан дүниесін баурап алатын табиғат бейнелері сырға, мұңға толы. Олар бірде арманға, қиялға жетелесе, бірде тамұқ тұман арасында сыр бүккендей құпия күйінде қалады. «Шыңғыстау», «Абай бұлағы», «Қиял қанатында», «Аңсау», атты пейзаждары осындай мәнерде жазылған. «Шыңғыстау» табиғаттың көптеген таңғажайыптарының бірі. Әлдебір мистикалық мәнерде жазылған бұл жұмыс өз бойында бір сырды бүгіп жатқандай. Ал, «Абай бұлағы» ерекше әуенге бөленіп, толық үндестікте бейнеленген. Табиғатты аймалай соққан жел мүлгіген тыныштықты тербете түскен. Ностальгиялық көңіл-күй сыйлайтын табиғат көріністерін кескіндеген кенептерінен суретшінің ішкі әлемін, өзіндік ерекше қолтаңбалық мәнерін көре аламыз. Ал, сюжеттік туындылары асақ сезімге, болашаққа деген жарқын үмітке жетелеп көкірегіңде күй шертеді.

Суретшінің барлық шығармаларының

ішінде орны ерекшесі - ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының сом тұлғалық бейнесі. Абайға арналған қай туындысында да Абайдың бейнесі алғашқы жазылған портрет секілді рамаға сыймай тұрғандай әсер қалдырады. Ақынның сом бейнесі арқылы Абай тұлғасының даралығын, ұлылығын айшықтайтын туындылар. Абайды сомдаған «Абай» журналының сыртқы бетінде артқы фонға суретші жасыл түске үстемдік береді. Жасыл даналық пен мейрімділіктің белгісі.

Нұрбұлан Нұғыманұлы өзінің танымында ұлы Абайдың даналыққа жету жолын ұлттың, халықтың уайымын жеп, қамын ойлауымен байланыстырып, оны осындай түстік шешімде қарастырады.

Суретші саналы ғұмырын, көркем шығармашылығын мағынасы терең құнды туындылар жасауға арнады. Сол жолда ерінбей еңбек етіп, ұлттық мәдениетіміздің дамуына аянбай тер төгіп келеді. Суретші шығармашылығына көз жүгіртер болсақ, әрбір шығармасы осы тіркестерімізге дәлел болмақ.

Бүкіл өмірін өнерге арнаған суретші шығармашылығын оқытушылықпен де табыстыра білді. Ұстаз қанатының астынан қазіргі таңдағы Қазақстан кескіндемесінің танымал өкілдері Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі Берікбол Рахат, Тұрғанбаев Ержан секілді танымал суретшілермен қатар Бақытбекова Маржан, Қайырхан Мәди, Санияр Дархан, Султанбеков Нұржан және т.б. жас қылқалам иелері тәрбиеленіп, шығармашылыққа қанат қағып келеді. Бір кездері суретші өзінің шәкірттерімен «Күзгі вернисаж» атты көрме ұйымдастырып, көрерменге ерекше әсер қалдырған болатын. Өтепбаев Нұрбұланнның шәкірттері бүгінгі күні Қазақстан кескіндемесінің тарихына өзіндік үлестерін қосып, іздерін қалдыруға тырысып-ақ жатыр. Бірақ, Өтепбаев өнерінен сусындаған олардың әрқайсысының үні өзінше шығып, басқан іздері бір-біріне мүлде ұқсамайды. Сондықтан болар, өзінің шәкірт суретшілерін ол әркез мақтан тұтып жүреді.

Құрметті Нұрбұлан Нұғыманұлы, Сізді желіп жеткен 70 жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілегімізді жолдаймыз! Ұжымыңыз Сізді білікті де білгір, тәжірибелі де озық, сыйлы да беделді өнер қайраткері ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Осы қуанышты сәтте Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Кеңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз!

**М.С.МЫРЗАКАНОВ**  
«Өнер және музыка»  
кафедрасының қауымдастырылған  
профессоры, п.ғ.к.

# КОРПОРАТИВТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ КАДРЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Қазіргі уақытта отандық білім беру теориясында үстемдік ететін үздіксіз білім беру тұжырымдамасы адамның өмір бойы білім алу мен әлеуметтенудің әртүрлі формалары осы саладағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі ретінде қарастырылады. Әсіресе, оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру – кез келген университеттің стратегиялық басымдықтарының бірі. Алайда мұндай инвестициялардың тиімділігін өлшеу әрдайым мүмкін емес. McKinsey & Company сарапшыларының байқауларына сәйкес, бұл факт топ-менеджерлерді қатты алаңдатады. Әлемдегі менеджерлер қызметкерлерге берілетін тренингтер мен біліктілікті арттыру курстарының нәтижелерін бағалау критерийлерін жасауға тырысуда. McKinsey & Company сауалнамасына қатысушылардың жартысы қызметкерлерді оқыту компания табысының маңызды факторларының бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар корпорациялардың көпшілігінде бизнес үшін білімнің нақты пайдасын бағалау жүйесі жоқ. Өткен жылы сарапшылар әлемнің әртүрлі аймақтарындағы 1400 топ-менеджерден қызметкерлердің корпоративті оқыту бағдарламаларына деген көзқарасын білу үшін сауалнама жүргізді. Респонденттердің төрттен бір бөлігі оларды «өте тиімді» деп бағалады; жартысынан көбі бұл бағдарламаларды «ішінара пайдалы» деп атады. Курс нәтижелерін объективті бағалау мәселесі, белгілі болғандай, өте өзекті және маңызды болып табылады. Респонденттердің шамамен 20%-ы өз ұйымдарындағы оқу нәтижелерінің тиімділігі өлшенбейтінін атап өтті. Респонденттердің тек 13%-ы курстың оқу орнына кірістілігі үшін пайдасын бағалауға тырысты.

Бәсекеге қабілетті болу үшін университет оқытушылардың кәсібилігін тиісті деңгейде ұстауы керек. Бұл қажетті технологиялық қайта құруларды уақтылы жүргізуге, инновациялар енгізуге, білімі күзерттіліктерді жаңғыртуға, яғни өзінің бәсекелестік позициясын күшейтуге мүмкіндік береді.

Ғылымды, техниканы және ақпараттық технологияларды дамыту оқытушылар мен қызметкерлерден үнемі жетілдіруді, жаңа кәсіби дағдыларды игеруді, біліктілігін арттыруды талап етеді. Жақсы дайындық, оқытушылар мен қызметкерлердің ақпараттық технологиялар саласындағы өзекті практикалық дағдыларының болуы оқу орнының барлық сыртқы өзгерістерге ең аз шығынмен тез бейімделуіне ықпал етеді.

Кез келген оқыту – ой-өрісті, кәсіби құзыреттіліктерді және дағдыларды кеңейтуге ықпал етеді. Жаңадан алынған білім бәсекеге қабілетті етеді, жұмыс орнын сақтауға мүмкіндік береді. Заманға сай болу үшін үнемі жаңа білім алу қажет: кәсіби әдебиеттерді



оқып, біліктілікті арттыру курстарын және онлайн-бағдарламаларды бітіру т.с.с. Әсіресе, бұл басқаларды үйрететін мамандықтарға ауадай қажетті іскерліктер деп ойлаймын.

Соңғы жылдары мемлекетімізде білім трансформациясы мен модернизациялау процесі жүріп жатыр. Мұғалімдерге қойылатын басты талап - жаппай сапалы білім беру, ол үшін мұғалімдердің біліктілігін арттыру мен ынталандырудың дұрыс жүйесін құру қажет. Бұрын теориялық сабақтар көп болған және практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін тәжірибелік сабақтар аз болған, қазір екінші жүріп жатыр, керісінше, көп көңіл бөлінеді. Мұғалімдер үшін маңызды кәсіби біліктілікті арттырудың жүйесі артып келеді. Білімді үнемі жаңартып отыру, біліктілікті арттыру – маңызды және өзекті міндет болып табылады.

Біз бюджеттер шектеулі әлемде өмір сүріп жатырмыз. Дегенмен де қазір мемлекеттік тапсырмаларда оқытушылар мен қызметкерлердің оқуына ақы төлейтін еуропалық модельге көшу айқындалуда. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы 2021 жылғы 26 қаңтардағы №12/ГЗ мемлекеттік тапсырманы орындау шарты мен жылдық жоспарына сәйкес 2021 жылғы 18-22 қазан аралығында жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамына «Педагогикалық өлшеулер әдістемесінің негіздері» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы өткізуді жоспарлап, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ-ды таңдағанына қуаныштымыз.

Біздің университетіміз де, осы бағдарламаға сай корпоративтік оқытуды яғни hard & soft skills күздіреттілігі профессор-оқытушылар құрамының кәсіби және жеке дағдыларын арттыруға бағытталған іс-шаралар кешеніне толықтай қосылды. «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» профессорлық-оқытушылық құрамы үшін Нұр-Сұлтан қаласының Ұлттық тестілеу орталығының қызметкерлері «Педагогикалық өлшеулер әдістемесінің негіздері» тақырыбында біліктілікті арт-

тыру курстарын офлайн режимінде өткізді. Курсты өткізу барысында нормативтік база, педагогикалық критерийлердің негізгі ұғымдары, бағалаудың негізгі қағидаттары мен сапалы тест тапсырмаларын әзірлеу дағдылары, сондай-ақ тест тапсырмаларын әзірлеуге қойылатын негізгі әдістемелік және техникалық талаптар, магистратураға кешенді тестілеудің тест тапсырмаларын әзірлеу ерекшеліктері, бағалау қағидаттары мен проблемаларына бағытталған.

Бұл курс корпоративтік мәдениетті нығайтудың, кадрлар тиімділігі мен университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді тәсілі болғандығын курс тыңдаушылары атап өтті.

Курс тыңдаушылары осындай, мемлекеттік бағдарламалар мен басшылыққа олардың оқуына, кәсіби және мансаптық өсуіне қаражат салғаны үшін ризашылық сезімдерін білдірді.

Корпоративтік оқыту – білім мен ақпаратты таратудың динамикалық процесі, оның барысында профессорлық-оқытушылық құрам алынған білім мен практикалық дағдыларды қолданады. Бұл оларға қоршаған орта өзгерістеріне сәтті және тиімді бейімделуге мүмкіндік береді, сонымен бірге білім беру ұйымының бәсекелестік артықшылығын құратын кәсіби қызметтің жаңа модельдерін жасауға көмектесетінін атап өтті.

Осындай, корпоративтік оқытудың тиімді жүйесін құруды негізгі және бірегей корпоративтік құзыреттердің ұдайы өндірілуін, корпоративтік мәдениетті таратуды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар білім беру ұйымының инновациялық әлеуетінің инкубаторы болуға бағытталған корпоративтік тұрақтылық элементтерінің бірі ретінде қарастырып, дамытқан жөн.

Ұжымның дамуына салынған инвестициялар басқа инвестициялардың ішінде ең пайдалы болып табылады және ең бастысы, білім беру қызметінің тиімділігін едәуір арттыра алады.

**Ш.САТИЕВА**  
Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының басшысы профессор

## Құттықтаймыз!

# ҰЛАҒАТТЫ ҒҰМЫР

**Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық еткен жалықпас,  
Үйретуден балаға.**

**Абай Құнанбайұлы**



Ұлы ақынның осы сөздерін бүгінгі күні зейнет жасына жетіп, құрметті демалысқа шығып отырған Университетіміздегі «Экономика және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы Атаева Несвелде Қайырбекқызына арнауға болады. Бойыңа қуат, жүрегіңе жарық жігер беріп өрге сүйрейтін де, жаныңа азық, өміріңе өзек боп төрге сүйрейтін де осы ұстаздық қасиет. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өркендерін тәрбиелеп шығару - екінші бірінің қолынан келе бермейді.

Өнегелі жанның жүріп өткен сара жолына әркімнің де ризашылықпен, қызыға қарары сөзсіз. Асылы өз кәсібін, өмірлік арнасын адаспай, анық тапқан адамдардың ғұмыр шежіресі қашанда мағыналы, кейінгіге үлгі-өнеге.

Несвелде Қайырбекқызының еңбек өтілі 42 жыл, оның ішінде 2018 жылдан бастап Шәкәрім атындағы Университеттің «Экономика және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет істеді. «Бухгалтерлік есеп», «Құрылыс ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп», «АӨК-дегі бухгалтерлік есеп», «Бухгалтерлік есеп негіздері», «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары», «Халықаралық аудит стандарттары», «Сыртқы экономикалық қызметтің бухгалтерлік есебі», «Саудадағы және қоғамдық тамақтанудағы бухгалтерлік есеп», «Шағын бизнес ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп», «Шаруа және фермер қожалықтарындағы бухгалтерлік есеп» пәндерінен дәрістік, тәжірибелік сабақтарды жүргізді.

Л.Н.Толстойдың «Өзінді қарапайым жылы лебізіңмен сыйлата білмесең, құр қаталдықтан түк те шықпайды» дегеніндей Несвелде Қайырбекқызы өзінің сыпайы мінезімен, адамгершілігімен әріптестер мен студенттер арасында сыйлы болды. Несвелде Қайырбекқызы адал жар, аяулы ана, немерелерінің сүйікті апасы.

Несвелде Қайырбекқызы ғылыми қызметпен белсенді айналысты. Ол 56-дан астам халықаралық конференцияларға қатысып, ғылыми монография, 2 оқу құралын шығарды.

Педагогикалық қызмет барысында ол үлкен ғылыми және әдістемелік жұмыс тәжірибесін жинақтап, өзін жақсы ұйымдастырушы және шығармашылық педагог ретінде көрсетті.

Мерейлі 60 жасқа келіп, құрметті еңбек демалысына шыққан әріптесімізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**М.С. ИСКАКОВА**  
«Экономика және қаржы»  
кафедрасының оқытушысы

*Иногда судьба преподносит нам подарок в виде встречи с хорошим человеком. Чем больше его узнаешь, тем острее осознаешь, что этот дар бесценен. Хочу рассказать об одной удивительной женщине, коллеге – Колбиной Елене Владимировне.*



## ПЕДАГОГ- ЭТО НЕ ТОЛЬКО ПРОФЕССИЯ, ЭТО СОСТОЯНИЕ ДУШИ

Елена Владимировна – опытный, настоящий профессионал, мудрый, талантливый педагог, учитель по призванию, до глубины души преданный своему делу. Её отличают прекрасные душевные качества: любовь к делу, своей профессии, честность, принципиальность, готовность всегда прийти на помощь коллегам. Она долгие годы работала и как куратор студенческих групп. Как много у неё было за эти годы выпускков! И она всегда была для них другом, наставником. И выпускники с любовью, трепетом и глубоким уважением относятся к своей «второй маме». Её спокойствие, уравновешенность, интеллигентность, «умные» уроки притягивают и вызывают чувство уважения и признательности среди студентов и коллег.

В общении с коллегами она всегда корректна. Сделает справедливое замечание прямо, но не обидно, а очень тактично, понимаешь, что справедливо, похвалит без лицемерия, от сердца. Попросишь помочь – поможет, чем сможет, попросишь совета – посоветует. И совет этот непременно будет обдуманый, взвешенный, такой, какой может дать только искренний и мудрый человек. Будучи оптимистом, она умеет создать в общении мажорный тон. Доверие и уважение коллег – самая дорогая награда.

«Она очень светлый человек с открытой душой» - говорят ее коллеги. Елену Владимировну трудно представить хмурой, она всегда улыбается и создает хорошее настроение тем, с кем общается.


В жизни есть вещи, которые ты должен делать обязательно, чтобы просто существовать, а есть вещи для себя, для самосовершенствования в духовном плане. С 2002 года Елена Владимировна учится в Школе Причинности, изучает Методику В.П. Гоча, Рунный язык, занимается Рукотворчеством.

Многие годы она бессменный организатор Международного русского фестиваля «Прииртышские напевы» и как один из лучших работников награждена Почетной грамотой.

Жизнь – это прежде всего творчество, но это не значит, что каждый человек, чтобы жить, должен родиться художником, балериной или ученым. Творчество тоже можно творить. Можно творить просто добрую атмосферу вокруг себя. Эти слова академика Дмитрия Лихачева полностью относятся к Елене Владимировне. Пусть ваш педагогический талант, доброта и душевная щедрость еще долго остаются маяком для всех педагогов и студентов, а ваш образ – примером для подражания.

Нашим коллегам желаем крепкого здоровья, творческих удач, чтобы на вашем жизненном пути было больше понимания и тепла, работа приносила только радость и удовлетворение, а в ваш адрес всегда звучали слова благодарности и признания.

**Ж.Н. АЙТЖАНОВА**  
Старший преподаватель кафедры  
«Искусство и музыка»



## Құттықтаймыз!

# ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ - ҰЛЫ ҚҰРМЕТ!

*Ұстаз деген биік тұлға байсалды,  
Талай шәкірт жүрегіне ой салды.  
Бар ғұмырын ізденіспен, еңбекпен  
«Білім» деген ұлы көшке жол салды...*



Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады.

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солдай ардақтауға міндеттіміз» деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім.

Мұғалім деген кім? Алдымен осы сұрақтың жауабын тағы да бір айқындайық. Мұғалімге тән ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу. Оның адамшылық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сипау, құрмет тұту. Бұл мұғалімнің терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен келіп шығады. Сондай ұстаздың бірі – Дуйсембекова Шолпан Дуйсембековна. Өмірінің 48-жылын ұстаздық жолға арнаған, көптеген медальдармен марапатталған, әдістемелік оқу-құралдарын жариялаған педагог, аяулы ұстаз-ана Шолпан Дуйсембеқызы 72-жасқа толды.

Құрметті, Шолпан Дуйсембековна! Сізді бәріміздің қамқоршымыз, шәкірттеріңіздің жылы жүректі ұстазы болғаныңызды мақтан етеміз! Өмірдегі ақылшы ұстазымызға зор денсаулық, қажымас қайрат тілей отырып зейнеткерлік демалысының бақытын тілейміз.

**Бейбітгүл ТҰРҒАНБАЕВА**  
*Педагогика және психология кафедрасының  
қауымдастырылған профессор м.а.,  
педагогика ғылымдарының кандидаты*



## ӨЗ ІСІНІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Құрманбекова Гүлсім Алдоңғарқызы (Есенжолова) 1961 жылы 16 қазан айында, Семей облысы Абай ауданы Шаған селосында дүниеге келіп, қызметкерлер отбасында тәрбиеленген.

Ел ертеңі жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы біліммен қаруландыру мақсатында, 1996 жылдан бері Семей Университетінің қаржы, экономика пәндерінің ұстазы болып қызметін бастады. Кәсіби бағдар беру саласында, біліммен тәрбие беруде күш қуатын аямай жүрген жандардың бірі. Студенттердің ой-өрісін дамытуда, терең де тиянақты білім беруде.

Еліміздің ертеңіне білім арқылы өз үлесін қоса алатын, ұрпақ тәрбиелеуде орасан зор еңбек сіңіріп, адалдығымен, адамгершілік қасиетімен қарапайымдылық танытып келеді. Ізденімпаз, тынымсыз еңбекқор, терең білімді, рухани тәжірибесі мол ұстаздардың бірі. Гүлсім Алдоңғарқызынан білім алған шәкірттері бүгінде елімізде қызмет атқарып, ел мақтанышына айналып жүр.

Құрметті Гүлсім Алдоңғарқызы! Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз! Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай.

**Ізгі ниетпен,  
Гуманитарлық-экономика  
факультетінің ұжымы**



**Құрылтайшысы:**  
«Семей қаласының  
Шәкәрім атындағы  
университеті»  
КеАҚ

Қазақстан  
Республикасының  
Ақпарат және  
коммуникациялар  
министрлігінің  
Ақпарат комитеті  
берген тіркеу куәлігі  
№ 17310-Г  
13 қазан 2018 жыл.

Редактор  
Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ  
Дизайнер  
Серікбол Мырзабеков  
Фотограф  
Мақсат Жарқынұлы

semgu\_2020@bk.ru  
www.shakarim.edu.kz  
@universitet.shakarim

Білім алушы жастарға арналған  
ақпараттық-танымдық басылым  
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
университеті» КеАҚ баспаханасында  
басылып шығарылды.  
Таралымы 500 дана

**Редакцияның мекен-жайы:**  
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а